

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 23 МАУСЫМДАҒЫ ҚАУЛЫСЫ

1. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Түлектер Қауымдастығының жетекшісі Б.Б. Нұрбатыровтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Түлектер Қауымдастығы туралы» баяндамасы тыңдалып және талқыланып, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Түлектер Қауымдастығының жетекшісі *Б.Б. Нұрбатыровтың* «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Түлектер Қауымдастығы туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтің* «2021/2022 оқу жылының қорытынды аттестаттау комиссиясының қорытындылары туралы» есебін тыңдап және талқылап, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтың* «2021/2022 оқу жылының қорытынды аттестаттау комиссиясының қорытындылары» туралы ақпараты назарға алынсын.
2. Университеттің қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есептері бекітілсін **30.06.2022 ж.** дейін.

3. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтың* «2021/2022 оқу жылындағы көктемгі сессия нәтижелері туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 1) Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтың* «2021/2022 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы» тақырыбындағы ақпараты назарға алынсын;
- 2) **институт директорларына және кафедра меңгерушілеріне:**
 - сессия нәтижелерін кафедра отырысында және институт Кеңесінің кеңейтілген отырысында талқылау жүктелсін (*Мерзімі – 25.09.2022 ж. дейін*);
 - білім алушылар тарапынан емтихан сессиясын өткізу ережелерін бұзу фактілері туралы есеп дайындалсын. (*Мерзімі – 25.09.2022 ж. дейін*);
 - әрбір топта, соның ішінде «Академиялық адалдық» Кодексі қағидаттарының бұзылғандығы анықталған топтарда жиналыстар өткізілсін, жиналыс хаттамасы жасалынсын (*Мерзімі – 25.09.2022 ж. дейін*).
- 3) **Институт директорларына, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына және кафедра меңгерушілеріне:**
 - «Академиялық адалдық» Кодексінің ережелерін сақтау бойынша білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу күшейтілсін (*Мерзімі – 25.09.2022 ж. дейін*);
 - 4) осы шешімнің орындалуын қадағалау академиялық мәселелер бойынша проректор М.А.Бектемесовке жүктелсін.

4 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтың* «Жаңа оқу жылына Академиялық күнтізбені бекіту туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2022/2023 оқу жылына Академиялық күнтізбенін бекіту туралы» тақырыбындағы ақпараты назарға алынсын.
- Академиялық мәселелер жөніндегі департаментіне: Университеттің 2022/2023 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбесі 30.06.2022 ж. дейін бекітілсін.

5. Бас ғалым хатшы Ж.Битибаеваның «Университеттің Ғылыми кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы» ақпаратын тындап және талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

-Бас ғалым хатшы Ж.Битибаеваның «Университеттің Ғылыми кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы» туралы ақпараты назарға алынсын

6.1 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Білім беру барысында босаған вакантты бос орындарға үміткерлерді ұсыну туралы» ақпаратын тындап және талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Білім беру барысында босаған вакантты бос орындарға үміткерлерді ұсыну туралы» тақырыбындағы ақпараты назарға алынсын.

2. **Институт директорларына:**

- Білім беру барысында босаған вакантты бос орындарға үміткерлер тізімін ұсыну жүктелсін **30.06.2022 ж. дейін.**

6.2 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2 курс магистранттардың Н.Назарбаев шәкіртақыға үміткерлерді ұсыну туралы» ақпаратын тындап және талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 2 курс магистранттардың Н.Назарбаев шәкіртақыға үміткерлер тізімі келесідей бекітілсін.

№	магистрант аты-жөні	мамандығы	GPA баллы
1.	Абдулова Мәншүк Аликқызы	7M02307-Филология	4,0
2.	Валиева Сабина Болатовна	7M01705-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	3,98

7. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор М.А.Бектемесовке жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары

Бас ғалым хатшы



М.Бектемесов

Ж. Битибаева